

## Науырзым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 47 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қазанда № 6658 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2018 жылғы 21 мамырдағы № 190 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 21.05.2018 № 190 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі 19-1-бабының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Науырзым аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Науырзым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы,  
аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Г. Әбенова*

"Науырзым ауданының тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының м.а.

\_\_\_\_\_ Г. Гринь  
2016 жылғы 28 қыркүйек

Мәслихаттың  
2016 жылғы 28 қыркүйектегі  
№ 47 шешіміне қосымша

## Науырзым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

--	--	--

№ р/ с	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық шамасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,39
2	Жатақханалар, интернаттар	1 орын	0,75
3	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,06
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,94
5	Емханалар	1 адам	0,9
6	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,96
7	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,14
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,46
9	Мұражайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,07
10	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,02
11	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,67
12	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,14
13	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю стансалар, гараждар	1 машина-орын	1,26
14	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	2,3